

Қорғалжын ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № А-6/81 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 маусымда № 28398 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 50-1-тармағына сәйкес, Қорғалжын ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қорғалжын ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қорғалжын ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қорғалжын ауданы әкімі

Б.Жанбаев

Қорғалжын ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 2 маусымдағы
№ А-6/81 қаулысына
қосымша

Қорғалжын ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі (жыл)	Қызмет саласы	Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
	Қорғалжын ауылы,				

1	М а д и н Рахымжан көшесі, "Ақмола облысы , Қорғалжын аудандық мешіті " "Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы " республикалық д і н и бірлестігінің филиалына қарама-қарсы	25	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Арзан" дүкені
2	Өркендеу ауылы , Абай көшесі, " Аяжан" дүкеніне қарама-қарсы	25	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Аяжан" дүкені
3	Арықты ауылы, Тәуелсіздік көшесі, " Арықты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимаратына қарама-қарсы	25	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Ерлан" дүкені
4	Кеңбидайық ауылы, С.Сейфуллин көшесі, "Қорғалжын ауданы, Кеңбидайық ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне қарама-қарсы	15	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Раушан" дүкені
5	Шалқар ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, "Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Шалқар ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық	25	5		жоқ

	мемлекеттік мекемесіне қарама-қарсы			Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	
6	Сабынды ауылы, А бай Құнанбаев көшесі, Сабынды ауылының клубы ғимаратына қарама-қарсы	25	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Құрмет" дүкені
7	Жантеке ауылы, Жамбыл Жабаев көшесі, "Жакен" мейрамханасына қарама-қарсы	25	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	"Дастан" дүкені
8	Майшұқыр ауылы, Достық көшесі, "Қорғалжын ауданы, Майшұқыр ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне қарама-қарсы	15	5	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	Жоқ